Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Директорлар кеңесінің
2012 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 253 қаулысымен
бекітілген

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

ЖАРҒЫСЫ







1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Теңге сарайы) Жарғысы оның орналасқан жерін, құқықтық мәртебесін, қызметінің мәні мен мақсаттарын, жұмыс режимін, басшысының өкілеттіктерін, мүлкін қалыптастыру тәртібін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тарату талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Теңге сарайының толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) орыс тілінде: Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казахстанский монетный двор Национального Банка Республики Казахстан»;

3) ағылшын тілінде: Republic State Enterprise with its own operating right «Kazakhstan Mint of the National Bank of the Republic of Kazakhstan»;

3. Теңге сарайының қысқаша атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ҚР ҰБ ҚТС» РМК;

2) орыс тілінде: РГП «КМД НБ РК»;

3) ағылшын тілінде: RSE «KM NB RK».

4. Теңге сарайының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 070005, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102/1-үй.

5. Теңге сарайының осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) оның құрылтай құжаты болып табылады.

2. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Теңге сарайының құрылтайшысы болып табылады.

7. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының атынан Теңге сарайының мүлкіне қатысты республикалық меншік құқықтары субъектілерінің құқықтарын жүзеге асырады.

3. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

8. Теңге сарайы шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы мемлекеттік заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және

жеке мүліктік емес құқықтарды иеленді және жүзеге асырады, міндеттемелер атқарады, сотта талапкер және жауапкер болады.

9. Теңге сарайының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы жазылған мөрі, атауы жазылған бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

10. Теңге сарайы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ерекше маңызды мемлекеттік объектілеріне жатады.

11. Теңге сарайы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Жарғыны басшылыққа алады.

12. Теңге сарайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен белгіленген шектерде шарттар жасау, міндеттемелердің нысандары мен мәнін, шаруашылық өзара қарым-қатынастарды таңдау кезінде еркті.

13. Теңге сарайы өз міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлігімен жауап береді.

14. Шаруашылық жүргізу құқығы бар мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды.

4. ТЕҢГЕ САРАЙЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

15. Теңге сарайы қызметінің мәні Ұлттық Банкпен және/немесе өзге тапсырыс берушілермен келісілген және өндіріске қабылданған өнімді жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету арқылы дайындаудан және өткізуден тұрады.

16. Теңге сарайы қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының монеталарын (оның ішінде бағалы металдардан және басқа құймалардан жасалған мерейтойлық және естелік), сондай-ақ, мемлекеттік және өзге заңды тұлғалардың тапсырыстары бойынша монеталар және олардың дайындамаларын, ордендер, медальдер, айырма белгілерін, бағалы және түсті металдардан жасалған бұйымдар, тексеру және сынама таңбалары мен өзге өнімдер өндірісін Ұлттық Банк белгілеген көлемінде қамтамасыз ету болып табылады.

17. Мақсатқа жету үшін Теңге сарайы мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының монеталарын, оның ішінде бағалы металдардан және басқа да құймалардан жасалатын мерейтойлық және естелік монеталар мен олардың дайындамаларын дайындау;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің Істер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша мемлекеттік наградалар дауындау;

3) мемлекеттік және заңды тұлғалардың тапсырыстары бойынша бағалы және түсті металдардан жасалған медальдер, айырым белгілері, белгілер және әскери фурнитуралар, бұйымдар, сондай-ақ басқа да өнім дайындау;

4) басқа мемлекеттердің монеталарын, оның ішінде бағалы металдардан және басқа құймалардан жасалған мерейтойлық және естелік монеталар мен олардың дайындамаларын дайындау;

5) сынамасын таңбалай отырып бағалы металдардан зергерлік бұйымдар мен тұрмысқа қажетті бұйымдар дайындау және оларды өткізу;

6) тексеру және сынама таңбаларын дайындау;

7) бағалы металлдардан және басқа құймалардан мерейтойлық және естелік монеталарды кейіннен заңды және жеке тұлғаларға сату мақсатында сатып алу;

8) бағалы металдардан жасалған прокатты өндіру;

9) қажетті технологиялық, конструкторлық және нормативтік-техникалық құжаттамалар, сондай-ақ шығарылатын өнімдерді бақылау әдістерін әзірлеу;

10) құймалар, жартылай өнімдер, концентраттар құрамындағы бағалы металдарға жасалған химиялық талдауға, оның ішінде тәуелсіз арбитраж талдауына сынақтар жүргізу;

11) металлургия және түсті металдар мен құймаларды өңдеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Теңге сарайының Жарғысына қайшы келмейтін өзге қызмет.

5. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

18. Теңге сарайы негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді атқарады:

1) қажетті өнім өндіру үдерістерін ұйымдастыру, жұмысты орындау және қызмет көрсету;

2) өндірісті басқару, жабдықтау және өнімді өткізу үдерістерін үйлестіру және бақылау;

3) өндірісті жоғары білікті мамандармен, қазіргі заманғы жоғары технологиялық арнайы жабдықта жұмыс істеуге білім деңгейі және дағдысы бар инженерлік-техникалық қызметкерлермен қамтамасыз ету;

4) өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың қазіргі заманғы әдістері, ғылымның, техниканың соңғы жетістіктеріне, халықаралық стандарттарға сәйкес озық технологияларды, жабдықтарды, материалдарды қолдану негізінде өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету;

5) ішкі және сыртқы нарықтарда өндірістің табыстылығы мен өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ету.

19. Теңге сарайы жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) кәсіпорынды өнім шығару бойынша өндірісті ұйымдастыру және тиімді жұмыс істеуі;

2) өндірісті материалдық-техникалық жабдықтау;

3) өндірістік бағдарламалардың тең ұсталуын қамтамасыз ету;

4) өндірістік қуаттылықтың толық іске қосылуын қамтамасыз ету;

5) өндіріс тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу, оған қоса, оның ішінде Теңге сарайының өндірістік қызмет мәселелері бойынша шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізу;

6) тапсырыстардың дизайн-жобаларын әзірлеу және оларды тапсырыс берушілермен келісу;

7) Ұлттық Банктің тапсырмасы бойынша қажетті көлемде өнім шығару;

8) кіру және объект ішіндегі режимдердің құпиялылық және конфиденциалдылық режимін сақтау;

9) Теңге сарайының қызметкерлерін даярлау және біліктіліктерін арттыру;

10) бағалы металдар мен олардың қорытпаларының сынықтары мен қалдықтарын қайта өңдеу;

11) өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық мақсаттағы өнім өндірісі бойынша;

12) өндірістік қызметтің сапа менеджменті жүйесі саласында саясатты пен мақсатты қалыптастыру;

13) ғылыми-техникалық жұмыстар, стандарттау, жүйелеу, экологиялық тұрғыдан таза және қауіпсіз өндіріс пен еңбек қауіпсіздігі саласында стратегиялар мен тактикаларды қалыптастыру;

14) тұтынушылық қасиеті жоғары деңгейдегі бұйымдарды және сапалы өнім дайындау үшін озық технологияларды меңгеру;

15) маркетинг, инжиниринг, сараптау және үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру.

6. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Жарғыда көзделген міндеттерді іске асыру үшін және өзінің қызметін жүзеге асыру мақсатында Теңге сарайы:

1) қаржылық, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуге;

2) өндірісті инвестициялауға құқылы.

21. Теңге сарайы қызметті жүзеге асыру барысында:

1) бухгалтерлік, салықтық, басқарушылық және статистикалық есеп жүргізуге, бекітілген нысандар бойынша белгіленген тәртіппен және мерзімде Ұлттық Банкке, салық және статистика органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік және мәліметтер ұсынуға;

2) барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз жағдайлар және еңбектің қорғалуын, құпиялылық режимінің, санитарлық нормалардың, өнеркәсіптік,

экологиялық және өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Ұлттық Банкке Теңге сарайының қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген ақпарат ұсынуға;

4) шарттық, қаржылық тәртіпті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес номенклатура, шығарылатын өнімнің мөлшері мен құны туралы мәліметтердің конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге міндетті.

7. ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

22. Ұлттық Банк:

1) Теңге сарайын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды, оның қызметінің міндеттерін, мәнін және мақсаттарын айқындайды;

2) Теңге сарайының Жарғысын, Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) Теңге сарайы қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

4) Теңге сарайының шаруашылық қызметінің, оның ішінде жоспарлы қаржы көрсеткіштерінің болашақты жоспарларын, оларды ұсыну кезеңдігін және тәртібін қарайды және бекітеді;

5) Теңге сарайының қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылайды және талдау жасайды;

6) Теңге сарайы мүлкінің мақсатты пайдаланылуына және сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

7) Теңге сарайының бизнес-жоспарын бекітеді;

8) Теңге сарайын дамыту жоспарын және оның қызметі туралы есебін қарайды және бекітеді, сондай-ақ қатар оның қаржы-шаруашылық қызметін тексеруге құқылы;

9) Теңге сарайы дайындаған ұлттық валютаның монеталарына ақының мөлшерін бекітеді;

10) Теңге сарайы дайындаған және сататын тауарлардың бағасына келісім береді немесе белгілейді;

11) оған бекітіліп берілген мүлікті неліктен шығаруға немесе басқа да тәсілмен басқаруға (өзі шығарған өнімді сатуды қоспағанда), филиалдар және өкілдіктер құруға, сонымен қатар дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

12) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының монеталарын дайындаудың техникалық шарттарына келісім береді;

13) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының монеталарының эталондық үлгілерін және дизайндарын бекітеді;

14) Теңге сарайының қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асырады;

15) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте, Ұлттық Банктің лауазымдары номенклатурасына кіретін Теңге сарайының директорын, оның орынбасарларын, бас бухгалтерін қызметке тағайындайды (қызметінен босатады), олардың жалақыларының мөлшерін белгілейді;

16) Теңге сарайы қызметкерлерінің еңбек жағдайларын және еңбегіне ақы төлеу қорын бекітеді;

17) Теңге сарайының бір жылда істелінген жұмысы туралы есебін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасының және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де функцияларды және өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8. ТЕҢГЕ САРАЙЫН БАСҚАРУ

23. Теңге сарайын басқаруды Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығымен қызметке тағайындалатын (қызметтен босатылатын) директор жүзеге асырады.

Теңге сарайының директоры Ұлттық Банкке есеп береді.

24. Теңге сарайының директорын қызметке тағайындау және аттестациялау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте жүзеге асырылады.

25. Теңге сарайының директоры Ұлттық Банктің алдында Теңге сарайының қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауапкершілік атқарады.

26. Теңге сарайының директоры дара басшылық қағидаттарына сәйкес іс-әрекет жасайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген құзыретіне сәйкес Теңге сарайы қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

27. Теңге сарайының директоры өз құзыретінің шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша шаралар қабылдайды және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасы талаптарын орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылық атқарады.

28. Теңге сарайының директоры:

1) Теңге сарайының атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдар мен ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Теңге сарайының өндірістік қызметіне қатысты мәселелер бойынша ұйымдармен, сондай-ақ шетелдік ұйымдармен келіссөздер жүргізеді;

3) Теңге сарайының атынан шарттар жасасады;

4) Теңге сарайының мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде және Жарғыда белгіленген өкілеттіктер шегінде және оларға сәйкес басқарады;

5) өз құзыреті шегінде сенімхаттар береді, банктік шоттарды ашады және өзге де мәмілелер жасайды;

6) өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Теңге сарайының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, оларға ынталандыру шараларын және өндіріп алу жазасын қолданады;

7) Теңге сарайының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

8) өзінің орынбасарлары арасында міндеттерді бөледі және Теңге сарайы қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін белгілейді;

9) кадрларды таңдау, орналастыру, даярлау және қайта даярлау мәселелерін шешеді;

10) Қазақстан Республикасының және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері негізінде және оларды орындау мақсатында, кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар мен өкімдер шығарады және Теңге сарайының қызметіне қатысты мәселелер бойынша нұсқау береді, сондай-ақ олардың орындалуына бақылау ұйымдастырады;

11) Теңге сарайы дамуының перспективалық жоспарларын әзірлеуді басқарады;

12) өз мамандарын шетелдік ұйымдарға өндірістің заманауи озық технологияларын зерттеу үшін жібереді.

29. Теңге сарайының бас бухгалтері және директордың орынбасарлары, Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығымен қызметке тағайындалады (қызметтен босатылады).

30. Теңге сарайының директоры болмаған кезде оның міндеттерін орындау Теңге сарайы директорының бұйрығы негізінде оның орынбасарларының біреуіне жүктеледі.

31. Жарғының 29-тармағында аталған тұлғалардың өкілеттіктері, Ұлттық Банктің тиісті бөлімшесі басшысының немесе Ұлттық Банк Төрағасының Теңге сарайына жетекшілік ететін орынбасарының келісуі бойынша Теңге сарайының директоры бекітетін лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалады.

9. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ МҮЛКІ

32. Өндірістік-шаруашылық қызметінің мақсаттарына қол жеткізу және жоспарларын жүзеге асыру үшін Ұлттық Банк Теңге сарайына негізгі құрал-жабдықтардан және айналым қаражатынан тұратын қажетті мүлік бөліп береді.

33. Теңге сарайының мүлкін құны Теңге сарайының дербес теңгерімінде көрсетілетін активтер құрайды.

34. Теңге сарайының мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлесі, пайлар) бойынша, оның ішінде Теңге сарайының қызметкерлері арасында да бөлінбеуі тиіс.

35. Теңге сарайының мүлкі:

1) Ұлттық Банк өзіне тапсырған мүліктің;

2) өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табысты қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

36. Теңге сарайы шаруашылық жүргізу құқығында өзіне бекітілген, негізгі құрал-жабдықтарға жатпайтын жылжымалы мүлікті дербес басқарады.

37. Теңге сарайы Ұлттық Банктің жазбаша келісімімен:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) дебиторлық берешекті басқаруға;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беруге құқылы.

38. Теңге сарайы негізгі құрал-жабдықтарға жататын мүлікті сатып алу-сату, ауыстыру, сыйға беру шарттары негізінде дербес иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

39. Теңге сарайы Жарғының 36 тармағында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алған ақшаны дербес қолданады.

10. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

40. Теңге сарайының қызметі өнімді шығарудан және өткізуден алынатын меншік кірісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қаражат көздері есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

41. Теңге сарайы Теңге сарайын дамыту жоспарын әзірлейді және оны Ұлттық Банкке қарау және бекіту үшін ұсынады.

42. Теңге сарайы үшін Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының тапсырыстарын орындау міндетті болып табылады.

43. Теңге сарайы өндіретін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы оларды өндіруге байланысты Теңге сарайы шеккен шығындарды толық өтеуі, оның қызметінің шығынсыздығын және меншікті кірістер есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

44. Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының тапсырыстарын орындау мақсатында Теңге сарайы өндіретін және өткізетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын Жарғының 40 тармағында белгіленген талаптарды ескеріп, Ұлттық Банкпен келісу бойынша Теңге сарайы белгілейді.

45. Теңге сарайы басқа тапсырыс берушілерге өндіретін және өткізетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын Теңге сарайы өзі дербес белгілейді. Бұл ретте Теңге сарайы өнімді өткізуден түскен кірісті дербес иелік етеді.

46. Теңге сарайы өндіріс қызметі нәтижесінде алған және салықтар мен бюджетке міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған таза кіріс Ұлттық

Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес абсолюттік сомада Теңге сарайының жылдық есебін бекіту кезінде бөлінеді.

47.Теңге сарайы таза кіріс есебінен:

1) жарғылық капиталды;

2) резервтік капиталды қалыптастыруға құқылы.

11. ЖАРҒЫЛЫҚ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛ

48. Ұлттық Банк мүлікті (ақшаны қоса алғанда) беруімен қалыптастырылған Теңге сарайының жарғылық капиталы 912 287 137, 42 (тоғыз жүз он екі миллион екі жүз сексен жеті мың жүз отыз жеті) теңге 42 тиынды құрайды.

49. Резервтік капитал белгіленген шамаға жеткенге дейін бұл мақсатқа иелігінде қалған таза кірістің кемінде 5% (бес пайызын) жіберіп, Теңге сарайының резервтік капиталы алынған таза кірістен жасалған аударымдар есебінен жарғылық капитал сомасының кемінде 10 % (он пайызы) мөлшерінде қалыптастырылады.

50. Теңге сарайының басқа қаражаты жетпеген жағдайда, Теңге сарайының резервтік капиталы айрықша тек шығындарды өтеуге, бюджет алдындағы міндеттемелерді орындауға, кредиттерді өтеуге және олар бойынша сыйақы (мүдде) төлеуге қолданылады.

12. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

51. Теңге сарайында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті жасау, сондай-ақ құжат айналымы Қазақстан Республикасының заннамасына, бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына, Бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына және Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

52. Теңге сарайының бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері Ұлттық Банкке және Теңге сарайының орналасқан жері бойынша тиісті органдарға белгіленген тәртіппен ұсынылатын жасалған жұмысы туралы тиісті есебінде көрсетіледі.

53. Теңге сарайы Ұлттық Банкке есеп береді және Ұлттық Банк белгілеген нысандарға, регламент пен мерзімдерге сәйкес есептілікті ұсынады.

54. Теңге сарайы Ұлттық Банктің талабы бойынша барлық қажетті материалдарды, бухгалтерлік және өзге де құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті.

55. Өзінің қызметіне аудит жүргізу үшін Теңге сарайы Ұлттық Банктің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тәуелсіз аудиторды жұмысқа тартуға құқылы.

13. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

56. Теңге сарайының жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларында белгіленеді.

14. ТЕҢГЕ САРАЙЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

57. Теңге сарайының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің тәртібі мен талаптарын Ұлттық Банк бекітеді. Теңге сарайының еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын Ұлттық Банк бекітетін Теңге сарайының бизнес-жоспарында белгіленеді.

58. Теңге сарайы қызметкерлерінің құрылымы мен штаттық кестесін, лауазымдық жалақыларының схемасын, лауазымдық жеке жалақыларының диапазонын, сондай-ақ сыйлықақы мен өзге де сыйақы төлеу жүйесін Теңге сарайы Ұлттық Банк белгілеген еңбекақы төлеу қорының шеңберінде Ұлттық Банкпен келісе отырып, өз бетінше бекітеді.

59. Теңге сарайы директорының, директор орынбасарлары мен бас бухгалтерінің лауазымдық, лауазымдық жеке жалақыларының, сыйлықақы мен өзге де төлемдерінің мөлшерін Ұлттық Банк белгілейді.

15. ТЕҢГЕ САРАЙЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

60. Теңге сарайын қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді Ұлттық Банк қабылдайды.

61. Теңге сарайы таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Теңге сарайының мүлкі Ұлттық Банктің балансына беріледі.

Директор **Ф. Туғанбаев**

Утвержден
постановлением
Совета директоров
Национального Банка
Республики Казахстан
от 28 декабря 2012 года № 253

УСТАВ
Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казахстанский монетный двор Национального Банка Республики Казахстан»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казахстанский монетный двор Национального Банка Республики Казахстан» (далее – Монетный двор) определяет его местонахождение, правовой статус, предмет и цели деятельности, режим работы, полномочия руководителя, порядок образования имущества, условия реорганизации и ликвидации его деятельности, а также другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Монетного двора:

1) на государственном языке: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) на русском языке: Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казахстанский монетный двор Национального Банка Республики Казахстан»;

3) на английском языке: Republic State Enterprise with its own operating right «Kazakhstan Mint of the National Bank of the Republic of Kazakhstan»;

3. Сокращенное наименование Монетного двора:

1) на государственном языке: «ҚР ҰБ ҚТС» РМК;

2) на русском языке: РГП «КМД НБ РК»;

3) на английском языке: RSE «KM NB RK».

4. Место нахождения Монетного двора – Республика Казахстан, 070005, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, проспект Абая, дом 102/1.

5. Настоящий Устав Монетного двора (далее – Устав) является его учредительным документом.

2. УЧРЕДИТЕЛЬ МОНЕТНОГО ДВОРА

6. Учредителем Монетного двора является республиканское государственное учреждение «Национальный Банк Республики Казахстан» (далее – Национальный Банк).

7. Национальный Банк осуществляет от имени Республики Казахстан права субъекта права республиканской собственности в отношении имущества Монетного двора.

3. ПРАВОВОЙ СТАТУС МОНЕТНОГО ДВОРА

8. Монетный двор является государственным юридическим лицом в форме государственного предприятия, основанного на праве хозяйственного ведения, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

9. Монетный двор имеет печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстана и своим наименованием, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

10. Монетный двор относится к особо важным государственным объектам Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Монетный двор в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также Уставом.

12. Монетный двор свободен в заключении договоров, в выборе форм и предмета обязательств, хозяйственных взаимоотношений в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан и Уставом.

13. Монетный двор отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

14. Государственное предприятие на праве хозяйственного ведения не несет ответственности по обязательствам государства.

4. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МОНЕТНОГО ДВОРА

15. Предмет деятельности Монетного двора заключается в изготовлении и реализации продукции, согласованной с Национальным Банком и/или иными заказчиками, и принятой к производству, путем выполнения работ и оказания услуг.

16. Основной целью деятельности Монетного двора является обеспечение в установленных Национальным Банком объемах производства монет национальной валюты Республики Казахстан (в том числе юбилейных и памятных из драгоценных металлов и других сплавов), а также монет и заготовок к ним, орденов, медалей, знаков отличия, изделий из драгоценных и цветных металлов, поверительных и пробирных клейм и иной продукции по заказам государственных и иных юридических лиц.

17. Для достижения цели Монетный двор осуществляет следующие виды деятельности:

1) изготовление монет национальной валюты Республики Казахстан, в том числе юбилейных и памятных монет из драгоценных металлов и других сплавов и заготовок к ним;

2) изготовление государственных наград по заказам государственного учреждения «Управления делами Президента Республики Казахстан»;

3) изготовление медалей, знаков отличия, значков и воинской фурнитуры, изделий из драгоценных и цветных металлов, а также другой продукции по заказам государственных и иных юридических лиц;

4) изготовление монет других государств, в том числе юбилейных и памятных, из драгоценных металлов и других сплавов и заготовок к ним;

5) изготовление ювелирных изделий и изделий бытового назначения из драгоценных металлов с клеймением пробы, их реализация;

6) изготовление поверительных и пробирных клейм;

7) приобретение юбилейных и памятных монет из драгоценных металлов и других сплавов с целью их последующей реализации юридическим и физическим лицам;

8) производство проката из драгоценных металлов;

9) разработка необходимой технологической, конструкторской и нормативно-технической документации, а также методов контроля за выпускаемой продукцией;

10) проведение испытаний химического анализа содержания драгоценных металлов в сплавах, полупродуктах, концентратах, в том числе независимого арбитражного анализа;

11) проведение научно-исследовательских работ в сфере металлургии и обработки цветных металлов и сплавов;

12) осуществление внешнеэкономической деятельности в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

13) иная деятельность, не противоречащая законодательству Республики Казахстан и Уставу Монетного двора.

5. ЗАДАЧИ И ФУНКЦИИ МОНЕТНОГО ДВОРА

18. Для достижения основной цели Монетный двор выполняет следующие задачи:

1) организация процессов производства необходимой продукции, выполнение работ и оказание услуг;

2) управление производством, координация и контроль над процессами снабжения и реализации продукции;

3) обеспечение производства высококвалифицированными специалистами, инженерно-техническим персоналом с уровнем знаний и навыков работы на современном высокотехнологическом специальном оборудовании;

4) обеспечение эффективности производства на основе современных методов организации и управления производством, применения прогрессивных технологий, оборудования, материалов, соответствующих современным достижениям науки, техники и международным стандартам;

5) обеспечение повышения рентабельности производства, конкурентоспособности продукции на внутреннем и внешнем рынках.

19. В целях реализации возложенных задач Монетный двор осуществляет следующие функции по:

1) организации и рациональному функционированию производства по выпуску необходимой продукции;

2) материально - техническому снабжению производства;

3) обеспечению сбалансированности производственных программ;

4) обеспечению полной загрузки производственных мощностей;

5) проведению мероприятий по повышению эффективности производства, включая, в том числе, ведение переговоров с иностранными юридическими лицами по вопросам производственной деятельности Монетного двора;

6) разработке дизайн-проектов заказов и согласованию их с заказчиками;

7) выпуску продукции в необходимом объеме по заданию Национального Банка;

8) соблюдению режима секретности, конфиденциальности пропускного и внутриобъектового режимов;

9) подготовке и повышению квалификации работников Монетного двора;

10) переработке лома и отходов драгоценных металлов и их сплавов;

11) по производству продукции промышленного и научно-технического назначения;

12) формированию политики и целей в области системы менеджмента качества производственной деятельности;

13) формированию стратегии и тактики в области научно-технических разработок, стандартизации, унификации, экологически чистого и безопасного производства и безопасности труда;

14) освоению передовых технологий для изготовления изделий с высокими потребительскими свойствами и качеством продукции;

15) осуществлению маркетинга, инжиниринга, экспертных и координационных работ.

6. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ МОНЕТНОГО ДВОРА

20. Для реализации задач, предусмотренных Уставом, и в целях осуществления своей деятельности Монетный двор имеет право на:

1) обеспечение финансовыми, материально-техническими ресурсами;

2) инвестирование производства.

21. В процессе осуществления деятельности Монетный двор обязан:

1) вести бухгалтерский, налоговый, управленческий и статистический учет, составлять и представлять отчетности и сведения по утвержденным формам в установленном порядке и сроки Национальному Банку, налоговым, статистическим и иным органам в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

2) обеспечивать для всех работников безопасные условия и охрану труда, соблюдение режима секретности, санитарных норм, норм промышленной, экологической и пожарной безопасности;

3) представлять Национальному Банку любую информацию по вопросам, касающимся деятельности Монетного двора;

4) соблюдать договорную, финансовую дисциплину;

5) обеспечивать конфиденциальность сведений о номенклатуре, объемах и стоимости выпускаемой продукции в соответствии с законодательством Республики Казахстан и нормативными правовыми актами Национального Банка.

7. КОМПЕТЕНЦИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА

22. Национальный Банк:

1) принимает решение о создании, реорганизации и ликвидации Монетного двора, определяет задачи, предмет и цели его деятельности;

2) утверждает Устав Монетного двора, изменения и дополнения в Устав;

3) определяет приоритетные направления деятельности Монетного двора;

4) рассматривает и утверждает перспективные планы хозяйственной деятельности Монетного двора, в том числе плановых финансовых показателей, периодичности и порядка их представления;

5) контролирует и анализирует выполнение плановых показателей финансово-хозяйственной деятельности Монетного двора;

6) осуществляет контроль за использованием по назначению и сохранностью имущества Монетного двора;

7) утверждает бизнес-план Монетного двора;

8) рассматривает и утверждает план развития Монетного двора и отчет о его деятельности, а также вправе осуществлять проверку его финансово-хозяйственной деятельности;

9) утверждает размер платы за изготовленные Монетным двором монеты национальной валюты;

10) согласовывает или устанавливает цены на товары производимые и реализуемые Монетным двором;

11) дает согласие на отчуждение или распоряжение иным способом, закрепленным за ним имуществом (за исключением продажи произведенной им продукции), создание филиалов и представительств, а также на передачу и списание дебиторской задолженности;

12) согласовывает технические условия на изготовление монет национальной валюты Республики Казахстан;

13) утверждает эталонные образцы и дизайны монет национальной валюты Республики Казахстан;

14) осуществляет проверку финансово-хозяйственной деятельности Монетного двора;

15) назначает на должности (освобождает от должности) директора Монетного двора, его заместителей, главного бухгалтера, входящих в номенклатуру должностей Национального Банка, в порядке установленном нормативными правовыми актами Национального Банка, устанавливает размеры их окладов;

16) утверждает условия и фонд оплаты труда работников Монетного двора;

17) утверждает отчет Монетного двора о проделанной работе за год;

18) осуществляет иные функции и полномочия, установленные нормативными правовыми актами Республики Казахстан и Национального Банка.

8. УПРАВЛЕНИЕ МОНЕТНЫМ ДВОРОМ

23. Управление Монетным двором осуществляет директор, назначаемый на должность (освобождаемый от должности) приказом Председателя Национального Банка в соответствии с нормативными правовыми актами Национального Банка.

Директор Монетного двора подотчетен Национальному Банку.

24. Назначение на должность и аттестация директора Монетного двора осуществляется в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан.

25. Директор Монетного двора несет персональную ответственность перед Национальным Банком за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Монетного двора.

26. Директор Монетного двора действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Монетного двора в соответствии с компетенцией, установленной законодательством Республики Казахстан и Уставом.

27. Директор Монетного двора в пределах своей компетенции принимает меры по противодействию коррупции и несет установленную законодательством Республики Казахстан ответственность за неисполнение или ненадлежащее исполнение требований законодательства Республики Казахстан о борьбе с коррупцией.

28. Директор Монетного двора:

1) без доверенности действует от имени Монетного двора, представляет его интересы во всех органах и организациях;

2) ведет переговоры с организациями, в том числе и с иностранными, по вопросам, касающимся производственной деятельности Монетного двора;

3) заключает от имени Монетного двора договоры;

4) распоряжается имуществом Монетного двора в соответствии и в пределах полномочий, установленных законодательством Республики Казахстан, нормативными правовыми актами Национального Банка и Уставом;

5) выдает доверенности, открывает банковские счета и совершает иные сделки в пределах своей компетенции;

6) в пределах своей компетенции и в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Монетного двора, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них;

7) утверждает положения о структурных подразделениях Монетного двора;

8) распределяет обязанности между своими заместителями и устанавливает должностные обязанности работников Монетного двора;

9) решает вопросы подбора, расстановки, подготовки и переподготовки кадров;

10) на основе и во исполнение нормативных правовых актов Республики Казахстан и Национального Банка издает приказы, распоряжения и дает указания по вопросам деятельности Монетного двора, обязательные для всех работников предприятия, а также организует контроль за их исполнением;

11) руководит разработкой перспективных планов развития Монетного двора;

12) направляет в иностранные организации своих работников по изучению современных передовых технологий производства;

29. Главный бухгалтер и заместители директора Монетного двора назначаются на должность (освобождаются от должности) приказом Председателя Национального Банка в соответствии с нормативными правовыми актами Национального Банка.

30. В отсутствие директора Монетного двора исполнение его обязанностей возлагается на одного из его заместителей на основании приказа директора Монетного двора.

31. Полномочия лиц, перечисленных в пункте 29 Устава, определяются должностными инструкциями, утверждаемыми директором Монетного двора по согласованию с руководителем соответствующего подразделения Национального Банка или заместителем Председателя Национального Банка, курирующим Монетный двор.

9. ИМУЩЕСТВО МОНЕТНОГО ДВОРА

32. Для достижения целей и реализации планов производственно-хозяйственной деятельности Монетный двор наделяется Национальным Банком необходимым имуществом, состоящим из основных и оборотных средств.

33. Имущество Монетного двора составляют активы, стоимость которых отражается в самостоятельном балансе Монетного двора.

34. Имущество Монетного двора является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Монетного двора.

35. Имущество Монетного двора формируется за счет:

1) имущества, переданного ему Национальным Банком;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной хозяйственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

36. Монетный двор самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве хозяйственного ведения.

37. Монетный двор вправе с письменного согласия Национального Банка:

1) создавать филиалы, представительства;

2) распоряжаться дебиторской задолженностью;

3) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц.

38. Монетный двор не вправе самостоятельно отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

39. Деньги, полученные от сделок с имуществом, указанным в пункте 36 Устава, используются Монетным двором самостоятельно.

10. ФИНАНСИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МОНЕТНОГО ДВОРА

40. Деятельность Монетного двора финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода, получаемого от изготовления и реализации продукции, и иных, не противоречащих законодательству Республики Казахстан, источников.

41. Монетный двор разрабатывает план развития Монетного двора и представляет на рассмотрение и утверждение Национальному Банку.

42. Выполнение заказа Национального Банка и Управления делами Президента Республики Казахстан для Монетного двора является обязательным.

43. Цены на производимую Монетным двором продукцию (работы, услуги) должны обеспечивать полное возмещение понесенных Монетным

двором затрат на их производство, безубыточность его деятельности и финансирование за счет собственных доходов.

44. Цены на продукцию (работы, услуги), производимые и реализуемые Монетным двором во исполнение заказа Национального Банка и Управления делами Президента Республики Казахстан, устанавливаются Монетным двором по согласованию с Национальным Банком с учетом требований, установленных пунктом 40 Устава.

45. Цены на продукцию (работы, услуги), производимые и реализуемые Монетным двором другим заказчикам, устанавливаются Монетным двором самостоятельно. При этом Монетный двор самостоятельно распоряжается доходом, полученным от реализации продукции.

46. Чистый доход, полученный Монетным двором в результате производственной деятельности и оставшийся после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет, распределяется в абсолютных суммах согласно решению Совета директоров Национального Банка при утверждении годового отчета Монетного двора.

47. За счет чистого дохода Монетный двор вправе формировать:

1) уставный капитал;

2) резервный капитал.

11. УСТАВНЫЙ И РЕЗЕРВНЫЙ КАПИТАЛ

48. Уставный капитал Монетного двора составляет 912 287 137, 42 (девятьсот двенадцать миллионов двести восемьдесят семь тысяч сто тридцать семь) тенге 42 тиын, который сформирован путем передачи Национальным Банком имущества (включая деньги).

49. Резервный капитал Монетного двора формируется в размере не менее 10% (десяти процентов) от суммы уставного капитала за счет отчислений от полученного чистого дохода, направляя на эти цели не менее 5% (пяти процентов) остающегося в его распоряжении чистого дохода до достижения резервным капиталом установленной величины.

50. Резервный капитал Монетного двора используется исключительно на покрытие убытков, исполнение обязательств перед бюджетом, погашение кредитов и выплату вознаграждения (интереса) по ним в случае недостаточности иных средств Монетного двора.

12. УЧЕТ И ОТЧЕТНОСТЬ

51. Бухгалтерский учет и составление финансовой отчетности, а также документооборот на Монетном дворе осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, международными стандартами

бухгалтерского учета, Типовым планом счетов бухгалтерского учета и нормативными правовыми актами Национального Банка.

52. Итоги деятельности Монетного двора за год отражаются в соответствующем отчете о проделанной работе, который представляется на утверждение Национальному Банку в установленном порядке и в соответствующие органы по месту нахождения Монетного двора.

53. Монетный двор подотчетен Национальному Банку и представляет отчетность в соответствии с установленными Национальным Банком формами, регламентом и сроком.

54. Монетный двор обязан по требованию Национального Банка предоставлять все необходимые материалы, бухгалтерские и иные документы и сведения.

55. Для аудита своей деятельности Монетный двор вправе, с согласия Национального Банка, привлечь независимого аудитора в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

13. РЕЖИМ РАБОТЫ

56. Режим работы Монетного двора устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка.

14. ОПЛАТА ТРУДА РАБОТНИКОВ МОНЕТНОГО ДВОРА

57. Порядок и условия оплаты труда работников Монетного двора утверждаются Национальным Банком. Размер фонда оплаты труда Монетного двора ежегодно устанавливается в бизнес-плане Монетного двора, утверждаемом Национальным Банком.

58. Структура и штатное расписание, схема должностных окладов, диапазоны должностных индивидуальных окладов, а также система премирования и иного вознаграждения работников Монетного двора утверждаются Монетным двором самостоятельно по согласованию с Национальным Банком в пределах установленного Национальным Банком фонда оплаты труда.

59. Размеры должностных, должностных индивидуальных окладов, премирования и иных выплат директора, заместителей директора и главного бухгалтера Монетного двора устанавливаются Национальным Банком.

15. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ МОНЕТНОГО ДВОРА

60. Решение о реорганизации и ликвидации Монетного двора принимается Национальным Банком.

61. Имущество Монетного двора, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, при его ликвидации передается на баланс Национального Банка.

Директор **Ф. Туганбаев**

Прошито
и пронумеровано
23 (двадцать